

Триз технологиясы




Тризшылардың ұраны :

«Барлығын айтуға болады!»


Негізін салушы
Генрих Саулович Альтшуллер

—
1926 жылдың 15 қазанында
Ташкент қаласында дүниеге
келген. Бала кезінен бастап
өнертапқыш болған. Оның
бірінші рет ойлап тапқан
дүниелерінің арасында
*зымыран козғалтқышы бар
қайық, огнемет-мылтық,
скафандр* болған.

1946-1948 жж аралығында
өмірінің негізгі мақсаты болып
ТРИЗ технологиясын дамыту
болды.



Кітаптары



ТРИЗ мақсаты

ойындар мен
тапсырмаларды пайдалану



ұжымдық әрекет



қарым-қатынас жасай
білуге үйрету



дағдыландыру

Міндеттері:

Бала мүмкіндігін ескеріп, заман талабына сай білім беру.

Триз элементтерін пайдаланып, шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік туғызу.

Балалардың көркемдік шығармашылығын дамыта отыра әр баланың психологиялық ерекшеліктерін танып білу.

Технологиямен жұмыс жасау ережесі



- 1. Бәрін ойдан шығаруға жән айтуға болады.**
- 2. Жеке адамды тындау.**
- 3. Педагогке және бір-біріне қарсы пікір білдіру, бірақ дәлелдемемен.**
- 4. Әрбір әрекет бағасы тек жақсы жағынан болуы.**

Балалармен жұмыстың формалары

- саяхат – сабақ
- ойын – сабақ
- ертегі – сабақ
- тренинг – сабақ
- сабақ





Оның технологиясының *басты идеясы* техникалық жүйелер белгілі бір заңдармен туындап, дамиды:

- бұл заңдарды тануға болады және өнертапқыштық тапсырмаларды шешу үшін қолдануға болады. Қазіргі таңда Г.С.Альтшуллердің ТРИЗ технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың
- сөйлеуін, тапқырлығын, шығармашылық елестетуін, диалектикалық ойлауын дамыту үшін балабақшаларда табысты қолданылады.

*** Оқу үдерісінде инновациялық технологияларды енгізудің негізгі өзекті мәселесі – жаңа әдістерді қолдана отырып жас жеткіншектердің интеллектілік, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сай экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыру.**

Психологиялық кедергілер

- *тар мамандануынан туындаған бөтен аймаққа ену қорқынышы;
- *ақымақ болып көріну қорқынышы, осы жерден сын қорқынышы; бедел алдындағы қорқыныш;
- *бір нәрсенің мүмкін емес, қол жетімсіз ретіндегі мінсіз қорқынышы;
- *объектіні әдеттен тыс функциясынан қабылдай алмау қабілеті,әйтпесе, «шығармашылық соқырлық», формалды логикаға догмалық қарым-қатынасы орын алады.

Осы кедергілерді енсеру үшін келесідей элементтен тұратын шығармашылық белсенділікті ынталандырудың негізгі қағидаттарына сүйенуі қажет:

***өз ашылымдарынан қорықса, қайтуға болатын бала үшін қауіпсіз психологиялық базаны құру;**

***баланың шығармашылыққа деген қабілеттілігіне қолдау көрсету, оның сәтсіздіктерінде көмек беру, шығармашылық талпыныстарға теріс баға беруіне жол бермеу;**

*** «қисынсыз» идеялары мен сұрақтарына шыдамдылық, балалардың барлық сұрақтарына, тіпті, егер олар шектен шыққан болса да, жауап беру қажеттілігі.**

Үдерісте ТРИЗ-дің әдістерін қолдануда артықшылықтар бар



Шығармашылық міндеттерді қолдану кезіндегі дидактикалық қағидалар:

- **таңдау еркіндігі қағидаты** – балаға кез келген оқыту немесе басқару әрекетіне таңдау құқығы;
- **ашықтылық қағидаты** – балаға ашық (шешімінің бірнеше жолы бар) тапсырмалармен жұмыс істеу мүмкіндігін беру керек. Шығармашылық тапсырмалар жағдайында шешімнің әртүрлі нұсқаларын жасауы керек;
- **іс-әрекет қағидаты** – кез келген шығармашылық тапсырмаға практикалық іс-әрекетке қосу қажет;
- **кері байланыс қағидаты** – тәрбиеші балалардың ойлау операцияларын меңгеру үдерісін тұрақты бақылай алады, өйткені жаңа шығармашылық тапсырмада алдыңғы шығармашылық тапсырманың элементтері болады;
- **мінсіздік қағидаты** – шығармашылық тапсырмалар арнайы жабдықты қажет етпейді және кез келген сабақтың бөлігі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде балалардың білімі мен қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін барынша қолдануға мүмкіндік береді.

Шығармашылық міндеттерді қолдану кезіндегі дидактикалық қағидалар

таңдау еркіндігі қағидаты
– балаға кез келген оқыту немесе басқару әрекетіне таңдау құқығы


ашықтылық қағидаты – балаға ашық (шешімінің бірнеше жолы бар) тапсырмалармен жұмыс істеу мүмкіндігін беру керек. Шығармашылық тапсырмалар жағдайында шешімнің әртүрлі нұсқаларын жасауы керек

іс-әрекет қағидаты – кез келген шығармашылық тапсырмаға практикалық іс-әрекетке қосу қажет

кері байланыс қағидаты – тәрбиеші балалардың ойлау операцияларын меңгеру үдерісін тұрақты бақылай алады, өйткені жаңа шығармашылық тапсырмада алдыңғы шығармашылық тапсырманың элементтері болады

мінсіздік қағидаты – шығармашылық тапсырмалар арнайы жабдықты қажет етпейді және кез келген сабақтың бөлігі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде балалардың білімі мен қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін барынша қолдануға мүмкіндік береді

Жұмбақтарды балаларға үйрету барысында «ТРИЗ» технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану



Жүйелілік жақындау әдісінің құндылығы:

Тақырып таңдау

Ойдың жалпыдан жекеге,
дербеске ауысуы

Объектінің әр түрлі қасиеттері
мен белгілерін айқындау
арқылы абстракты- жалпыдан
дербеске ауысуы.

Топтастыру әдісінің құндылығы

Келесі кезең
айтылған
топтастыру әдісіне
негізделіп жұмбақ
шығарылады

Айтылған зат
немесе құбылыспен
байланысты
сөздерді қасиеттерді
атау

Тақырыпты
ести отыра бір
ойға келу

Тақырып алу

Тақырыпқа
байланысты
сөздер
топтасады

Миға шабуыл әдісінің құндылығы



**Мектеп жасына дейінгі балалармен серуендеуде
балалардың ой-өрісін белсендендіретін әртүрлі тәсілдерді
қолдануға кенес беріледі**



ТРИЗ технологиясының әдістеріне тоқталатын болсақ:



Балалармен жұмыс жасаудың негізгі құралы педагогикалық ізденіс болып табылады. Педагог балаларға дайын білім бермеуі керек, олардың алдында ақиқатты ашпауы тиіс, ол ақиқатты өзі табуы қажет. Егер балалар сұрақ қоятын болса, сол уақытта дереу жауап бермеуі керек. Керісінше, ол өзі не ойлайтындығын сұрауы қажет. Оны талқылауға шақыру керек. Жетелеуші сұрақтармен баланың жауапты өзі тапты деуге алып келуі керек. Егер бала сұрақ қоймаған жағдайда, педагог қайшылықтарды атап көрсетуі тиіс. Баланы жауапты табу жағдайына, яғни құбылыс немесе заттың тануы және қайта түрленуінің тарихи жолын қайталауы керек жағдайға қояды

Мәселен, тәрбиеші балаларға: «Ал, балалар, желді тұрғызайық: оның анасы кім? Оның достары кім? Не үшін жел күнмен дауласады?». Эмпатия тәсілін де қолдануға болады. Балалар өздерін бақылаушы орнына қояды: «Егер сен бұтаға айналсаң, не істер едің? Нені армандайсың? Кімнен қорқасың? Кіммен достасар едің? Сенің жапырақтарың не туралы сыбырлайды?» немесе «Өзіңді қызыл қоңыздың орнына қойып көр. Не үшін сен өмір сүресің? Сенің достарың кім? Нені жегенді жақсы көресің?»

1. Оқушы
өздігінен жұмыс
істеуге мүмкіндік
алады, соған
дағдыланады

**Жаңа
техноло-
гияның
берері**

2. Оқушының
жеке қабілеті
анықталады

3. Іштей бір-
бірімен қалмауға
тырысып,
талпынады

4. Тапсырмалық
күрделену
деңгейіне сәйкес
оқушының ойлау,
орындау қабілеті
артады

«Космос» дидактикалық ойыны 4-5 жас.

Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамытады, шығармашылық қиялын және есте сақтау қабілетін дамытады.

Қатысушылар саны: 1-12

ойын барысы: үстел үстіне 12 үлкен әр түрлі түстегі геометриялық пішіндер берілген. Балалар берілген карточкалардағы суреттерге (мыс: зымыран, күн, инопланетянен) қарап, геометриялық пішіндерден суреттер құрастыру керек.

«Үшбұрыштан құрастыру»

Мақсаты: ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетін, қиялын дамыту.

Ойын үлкен карточкалар мен түрлі-түсті үшбұрыштардан тұрады.

Ойын барысы: балалар берілген үлгі бойынша түрлі-түсті үшбұрыштардан суреттер құрастыру қажет.

«Түстерді ажырат»

Мақсаты: балалардың көру, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойын барысы: түрлі-түсті конверттер беріледі. Балалар конверттердің ішіне суреттерді салады. Олардың түсі конверттің түсіне сәйкес келу керек.

«Бұл не?» ойыны.

Мақсаты: негізгі ерекшеліктері бойынша заттарды ажырату, жеміс-жидектер туралы білімдерін бекіту.

Барысы: бір балаға жеміс суретін көрсетіп, ол жемісті қалған балаларға жасырады. Мысалы: тәтті, түсі қызыл, дөңгелек пішінді болады. **Жауабы:** алма. Алмұрт, лимон, банан, шие, т.б.

Тілдік ойын «Ерекше математика»

Мақсаты: логикасын дамыту, дарынын ұштау,
талқылауға, қорытынды жасауға үйрету.


Ойын барысы: балаларға әр түрлі суреттері бар
карточкалар беріледі. Сол суреттер арқылы ортақ сөзді
табу керек. Мысалы: сиыр+тауық+ит+мысық=үй
жануарлары.

қыс+көктем+жаз+күз=жыл мезгілдері.

көйлек+шалбар+күртеше+жемпір=киімдер.


ТРИЗ технологиясы тәрбиешіге де , балаға да жас шамасына қарамай меңгеретін шығармашылық құралы болып табылады. Бір құралды пайдаланатын тәрбиеші де, бала да қиындықсыз бірін-бір түсіне алады.

**Белгілі ғалым Альберт Эйнштейннің :
*«Өзіңді қызықтыратын іспен
айналысқаннан артық, еш нәрсе жоқ» -
деген қағидасы негіз болады***



Белгілі ғалым Альберт Эйнштейн:
«Өзінді қызықтыратын іспен
айналысқаннан артық, еш нәрсе
жок» -деп айтқан





**Назарларыңызға
рахмет!**

